



21 желтоқсан, сейсенбі 2021 жыл

www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz


2 Екпе қорғанысты күшейтеді



4 Қазақстанның қазба байлығы Ұлттық Қордың иілігі



7 Сыр сәйгүлігіне Финляндияда ескерткіш қойылған



8 Сәулет пен дәулет



● ПРЕЗИДЕНТ



ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламентаралық одақтың президенті Дуарте Пашеконы қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстанның Парламентаралық одақпен өзара ықпалдастығының маңызды бағыттары талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Дуарте Пашекоға ілтипат білдіре отырып, Парламентаралық одақпен арадағы ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беру тұрғысынан оның елімізге жасаған сапарының маңыздылығын атап өтті.

— Парламентаралық одақ парламентаралық байланыстарды дамыту ісінде маңызды әрі жетекші ұйым саналады. Сіздің сапарыңыз парламенттік дипломатияны кеңейту тұрғысынан саяси маңызға ие. Біз аталған Одақпен өзара тығыз қарым-

қатынастарды дамытуға баса мән береміз және осы маңызды ұйымның төрағасы лауазымындағы Сіздің миссияңызды қолдаймыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дуарте Пашекоға еліміздегі демократиялық институттарды және заң үстемдігін нығайтуға, адам құқығы мен гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды саяси реформалардың жүзеге асырылуы жөнінде айтты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы оны 2022 жылдың қыркүйек айында болатын Әлемдік діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Дуарте Па-

шеко кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдіріп, Мемлекет басшысын Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтады. Сонымен қатар ол еліміздің осы кезеңдегі экономикалық және дипломатиялық табыстарын жоғары бағалап, Қазақстанның мемлекеттер мен адамдар арасында диалог орнатудың жарқын үлгісі болып отырғанына назар аударды.

Португалия парламентарийі Мемлекет басшысына Парламентаралық одақты дамытудың алдағы кезеңдегі басымдықтары туралы айтты. Сонымен қатар Қазақстан мен Португалия қатынастарын өркендету аясында Нұр-Сұлтан мен Лиссабон арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді.

нәрлік желілер, әлеуметтік тұрғын үйлер мен нысандардың құрылысы сияқты салалар бойынша қордаланған мәселелерді шешуге қатысты, сондай-ақ шағын және орта бизнесі дамыту, жана жұмыс орындарын ашу үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ахуалды тұрақтандыру үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар және халыққа вакцина салу жұмыстарының барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алтай Көлгіновке жылумен қамту, инфрақұрылым, инже-

ЕЛОРДАНЫҢ ДАМУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновті қабылдады.

Президентке 11 ай ішіндегі елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Нұр-Сұлтан қаласындағы эпидемиологиялық

Құрметті оқырман!

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға — 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға — 4500 теңге.

● КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Энергетиктерге құрмет

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Энергетик күніне орай мамандармен кездесіп, сала үздіктеріне құрмет көрсетті.

Аймақ басшысы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, энергетика саласының қызметкерлері ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргенін атап өтті.

— Баршаңызды ел болып атап өткен ең басты ұлық мерекеміз — Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Экономиканың өзекті саласының бірі — энергетика саласы күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің бір бөлігіне айналып, дамып келеді.

Тәуелсіздік алғалы облыс көлемінде 1000 шақырымға жуық электр желілері салынып, 300-ден аса қосалқы стансалар орнатылды. Бұл өз кезегінде, халықты сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Осының арқасында аймағымыздың экономикасы да дамып келеді. Облыста жалпы қуаты 88 мегаватты құрайтын күн-электр станциялары тұрақты жұмыс жасауда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің оңтүстігіндегі энергетикалық қуаттарды арттыру мақсатында Қызылорда облысында қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын бу-газ қондырғысын салу жобасын инвесторлардың қаражаты есебінен жүзеге асыру жоспарлануда, — деді облыс әкімі.

Жиында «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» басқарма төрағасы Мұхитжан Кәрімбаев ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек сіңірген энергетик» төсбелгісі, «Интергаз Орталық Азия» Қызылорда филиалының бөлім басшысы Қайрат Дәрібаев министрліктің «Мұнай-

газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бас маманы Мадина Алтынбасова министрліктің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясының» бөлім бастығы Дина Шокбарова мен «Қызылордажылуэлектрорталығы» электроцех басшысының орынбасары Еспай Дауылбайұлына Қазақстан энергетикалық

қауымдастығының «Еңбек сіңірген энергетик» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар «Қызылордажылуэлектрорталығының» дәнекерлеушісі Леонид Лобачев пен «Қызылорда газ тарату жүйесінің» Жалағаш кентіндегі учаске басшысының орынбасары Сәбит Жанашев облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Басқосуда энергетика саласының мамандары атынан «Қазақстандық энергетикалық ассоциациясы» директорлар кеңесінің төрағасы Жомарт Көшербаев сөз алып, әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады.



● БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Тәуелсіздік күні мерекесінде Сыр өңірінде 130 сәби дүниеге келді. 16-17 желтоқсан күні туған нәрестелердің ішінде егіз де, үшем де бар. Кәстерлі күнде өмірге келген бөбектерге «Сүйінші» сый қорабы табысталды. Қорапқа балаларға қажетті заттардан басқа Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау тілегі жазылған ашық хат, «Тәуелсіз Қазақстанға 30 жыл» монетасы мен баланың туу туралы куәлігі салынған.

Айналады баладан!

«Айналайын, бөбек! Сенің туған күнің еліміздің ең басты мерекесімен тұспа-тұс келді. Өзің дүниеге келген кезде халқымыз кәстерлі тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтіп жатты. Саған бақытты әрі ұзақ ғұмыр тілеймін!» деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтауында.

Облыс орталығында дүниеге келген егіз бен үшемге «Сүйінші» сый қорабын қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов пен «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ облыстық филиалы директоры Айнұр Тобаева табыс етті. Филиал директоры нәрестелерге ізгі тілегін жолдап, олардың құжатын рәсімдеуге орталық мамандарының көмек көрсететінін жеткізді.

— «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы тарапынан нәрестелерге туу туралы куәлігі мен бір жасқа дейінгі жәрдемақы рәсімделеді. Біздің қызметкерлер барлық санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, олардың құжаттарын рәсімдеуге көмек көрсетеді, — деді «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ облыстық филиалы директоры Айнұр Тобаева.

Айта кету керек, республика бойынша мереке күндері 2 мыңнан астам сәби өмірге келген. Жыл басынан бері 11 мың 378 бала дүниеге есігін ашыпты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 775-ке көп. Олардың ішінде 149 егіз бар.

«СБ» ақпарат



● ЕЛ БЕСІГІ

Ауылына қарап, азаматын таны

Саялы мекен, ынтымақ пен бірлігі бекем бір ауыл бар Шнелі ауданында. Ол құтты қоныс — Қоғалы ауылдық округі, бұрынғы Бөтабай, қазіргі Тұрсынбай датқа елді мекені. Аудан орталығынан 67 шақырым қашықтықта орналасқан сол ауылға сәті түсіп сапарлап қайттық. Әу бастан осы мекен көзтартар келбеті, мұнтаздай тазалығы, шап-шағын, жып-жинақы, бірінен-бірі өтетін әсем үйлерімен ерекше-тін.

СБ Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Ымыра-бірлігі жарасқан шағын ауылдың кіреберісін жарқыраған қақпаны көріп, «Ауылына қарап, азаматын таны» деген қанатты сөзді есімізге алдық. Ауыл азаматтары өздері ұйымдасып, көзтартар қақпаны қатырып қойыпты. Қалай разы болмайсыз?

Табалдырықтан аттағаннан-ақ қызу тірлік осында ма дерсін. Тақтайдай тегіс жолда көлігіміз жүйткіп келеді. Сірә, жолы нашар көше жоқ сынайы. Дәл тауыппыз. Бүкіл бір ауылда тек бір ғана көше асфальтталмаған. Асфальты жоқ дегеніміз болмаса, оған да қиыршық тас төселген. Қаз-қатар бағандарда ілінген шамдар қас қарайса ауыл аярын тіпті айшықтай түсетіндей. Ауыл әкімі Гәзиз Сейітовтің басшылыққа келгеніне көп болмаса да біраз шаруа бітірген...

6-бет

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 10-сессиясы 2021 жылғы 24 желтоқсанда сағат 10:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:
1. Қызылорда облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихат

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА, облыс әкімі:

«ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ШИРАТУ КЕРЕК»

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен Жобаларды индустрияландыру және өңірлер кәсіпкерлігін қолдау қарталарына енгізу жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің отырысы өтті.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев пен аппарат басшысы Ерлан Райғанниев, қала әкімі Ғанибек Қазантаев және бірқатар басқарма басшылары мен селекторлық режимде аудан әкімдері қатысты.

Кеңес отырысында 2 мәселе қаралды. Алдымен ҚР Индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасының өңірде іске асырылуы мен алдағы міндеттер туралы облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев баяндады.

Индустриялық жобалар арқылы өндірілген өнім көлемі осы жолдың 11 айында 46%-ке, экспорт көлемі 58%-ке өскен. Экспортқа шығарылған 5 түрлі өнімнің географиясы 10-нан аса шет елді қамтып, ҚХР, РФ, Ауғанстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Украина, Өзбекстан, Дания, Ұлыбритания,

Польша, Әзербайжанға сатылуда. Бағдарламаның ІІІ бесжылдығы аясында облыста құны 543 млрд теңгеден асатын 46 жобаны жүзеге асыру арқылы 7400 жұмыс орны құрылмақ. Бағдарламаның ерекшелігі – әрбір жобаға жоба бастамашысының сұранысына сәйкес мемлекеттік қолдау шарасы көрсетіледі.

Жиында облыс әкімі инвесторлар тарту, инвестициялық жобаларды орындау мәселесіне қатысты қала, аудан әкімдерінің есебін жеке-жеке тыңдап, жұмыстарын саралады. Бұл ретте өңір басшысы жана өндірістерді дамыту ісінде жұмысты әлі де жандандыру қажеттігін, өзге тәжірибелерді сынап көру керек екендігін ескертті. Әсіресе, керамзит өндірісі, кен орындарын игеру, құс фабрикасын аяқтау, балық өңдеу, испан цехын іске қосу сынды маңызды жобаларды уақытылы аяқтауды қатаң тапсырды.



—Өрбір аудан әкімі туған жеріне қызмет етуге даяр азаматтарды бірлесе жұмыс істеуге шақырып,

инвестициялық жобаларды көптеп іске асыруда жұмысты ширату керек. Себебі әрбір жобаның артын-

да жана жұмыс орындары тұрады. Бұл ретте балама жобаларды қарастырып, мүмкіндіктерді іздеу

керек. Қазіргі дағдарыс заманында жылдам әрекет жасай алатын өңір ғана кризистен шыға алады.

Сондықтан әрбір жоба бойынша кесте құрып, инвесторларды тарту жұмыстарын әлі де күшейту қажет, — деді облыс әкімі.

Бірінші мәселені қорытындылаған аймақ басшысы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасымен бірлесе отырып келер жылға өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына жана жобалар енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, жыын барысында «Қызылорда Агроплюс» серіктестігіне томат зауытын орналастыру үшін 30 гектар жер телімін бөлу туралы шешім қабылданды. Ендігі кезекте «Қызылорда Агроплюс» ЖШС директоры Серғазы Исембаев 2022 жылы зауыттың жобалау және егін егуге жерді даярлау жұмыстарын аяқтап, 2023 жылы томат пастасын өндіретін зауыт құрылысы басталуы қажет.

Кеңесте берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешевке жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● ЕКПЕ АЛ!

«Адамзат көптеген індетті бастан өткерген. Вакцина пайда болғаннан кейін ғана кәуіпті дерттерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек. Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жана штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтады. Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек. Қазір «бустерлік вакцинаны» сатып алу өте маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет. Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екіп алу жүйесін дайындаған жөн».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында осылай деген еді.

Сб Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»



Екпе қорғанысты күшейтеді

Облыста вакциналауға айрықша көңіл бөлінуде. Ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы, ең бастысы, адамдардың денсаулығы осыған байланысты. Бүгінгі таңда облыс бойынша бірінші компонентіне 413448 адам немесе жоспарланған контингенттің 91,4 процентіне екпе салынды. Екінші компонентті 371871 тұрғын немесе 82,2 проценті алған.

22 қарашада елімізде халықты коронавирус инфекциясына қарсы қайта вакциналау науқаны басталғаны белгілі. Қазақстандықтар бұл процедираның адамның өзі үшін ғана емес, оның туыстары үшін де маңыздылығын түсінгендіктен, қайта вакциналауға белсенді түрде баруда.

Кеше облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет ревакциналаудан өту үшін №3 қалалық емханға барды. Алдымен дәрігерлер оның қан қысымын, сатурациясын өлшеп, денсаулық жағдайын сұрады. Осыдан кейін емдеу бөлмесінде «CovonaVax» вакцинасы егілді.

№3 қалалық емхананың эпидемиолог-дәрігері Гүлнұр Лиясованың айтуынша, жыл басынан мұнда 37049 адам, яғни 100 проценті вакцинацияның бірінші

компонентін алған. Олардың арасында медицина қызметкерлері, мұғалімдер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер, әлеуметтік қызметкерлер, студенттер, диспансерлік есепте тұрғандар бар.

— Қазіргі таңда «QazVax» және «CoronaVax» вакциналарымен ревакциналау жүргізілуде. Халық арасында COVID-19 инфекциясының алдын алу мақсатында ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Ревакциналау – вакциналаудан алынған иммунитетті сақтауға бағытталған күшейткіш. Процедура күшейткіш инфекция деп те аталады, — дейді Г.Лиясова.

Дәрігерлердің айтуынша, Қазақстанда ревакциналаудың тоғыспалы әдісі, яғни, вакцинацияның үшінші дозасы ретінде вакциналау үшін тікелей қолданылған препарат өндіру технологиясымен ерекшеленетін екіп пайдаланылады. Күшейткіш ретінде бастапқы қолданылған вакцинаны егуге рұқсат етілгеннен, сарапшылар тоғыспалы әдіс үлкен қорғанысты қамтамасыз етуі мүмкін деп санайды.

Осылайша, векторлық вакцина («Спутник V») алған адам-

дарға екінші дозаны алғаннан кейін тоғыз ай өткен соң үшінші доза ретінде инактивацияланған («QazVax», «CoronaVax», «Hayatt-Vax») немесе м-РНҚ вакцинасын («Pfizer») қолдану ұсынылды. Керісінше, инактивацияланған («QazVax», «Sinopharm», «Corona Vax», «Hayatt-Vax») вакциналармен егу курсынан өткен адамдар алты ай ішінде векторлық («Спутник V») немесе м-РНҚ вакцинасын алған адамдар алты айдан кейін инактивацияланған немесе векторлық вакцинамен қайта вакциналануы мүмкін.

Ревакциналаудан бірінші болып тәуекел тобындағылар: дәрігерлер, полиция қызметкерлері, әскерилер, мұғалімдер, созылмалы аурулары бар адамдар өтеді. Олар «Спутник V» вакцинасының негізгі курсынан 2021 жылдың ақпан-наурыз айларында бірінші болып өтті. Сәуір айының соңында «QazVax» қолданыла бастады, оның ревакциналау мерзімі қарашаның үшінші онкүндігіне сәйкес келеді.

2020 жылдан бері облыста барлығы 19395 коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы тіркеліп, 18863 азамат емделіп шықты.

Инновациялық идеялар фестивалі

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай облыс әкімінің қолдауымен 15-16 желтоқсан күндері «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық идеялар фестивалі өтті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайындағы қорытынды іс-шарада облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жобалар қатысушыларды құттықтады.

— Бұл – талантты жастардың IT идеяларын жарыққа шығару, жана әлеуметтік жобалардың іске асуына қолдау көрсету мақсатындағы маңызды іс-шара. Фестивальда жеңімпаз атанған жобалар аясында ел үшін маңызды бастамалар жүзеге асады деген сенімдіміз, — деді Н.Байқадамов.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, облыс тұрғындарының IT саласына қызығушылығын арттыру және инновациялық IT жобаларды қолдауды мақсат еткен фестивальді облыстық цифрлық технологиялар басқармасы мен «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ ұйымдастырған.

Фестивальға 1,5 мыңға жуық қатысушы мен 200-ге жуық команда тіркелген. Облыс жастарымен қатар, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Байқоңыр қалаларынан және Түркістан облысынан да талапкерлер қатысты. Жүлде қоры – 2 400 000 теңгені құрады. Екі күнге

созылған іс-шараға қатысушылар 24 сағат ішінде ақпараттық технологиялар, контент және медиа, кино және видео, «Smart Qyzylorda» бағыттары бойынша өз жобаларын идеядан бастап прототипке дейін әзірледі.

Қорытындысы бойынша әр секциядан 3 команда жүлделі орындарға ие болды. Әр жеңімпаз командада бірінші орынға 300 мың теңге, екінші орынға 200 мың теңге, үшінші орынға 100 мың теңгенің сертификаттары табысталды. Марапаттарды облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов тапсырды.

Сонымен қатар, төрт қатысушы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ректорының, бес адам «Болашақ» университеті ректорының грантын иеленді. Екі командада Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атынан бағалы сыйлықтар, тағы екі командада «Болашақ» университеті атынан 50 мың теңгеден сертификат берілді.

«СБ» ақпарат

● МАКРОЭКОНОМИКА

Жолдау және міндеттердің жүзеге асуы

Қазақстан Президентінің биылғы Жолдауы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында жарияланды. Маңызды саяси құжатта ел дамуының бүгінгі міндеттері жан-жақты сарапталып, негізгі бағыттары айқындалды. Өткен жыл бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанға да оңай тимеді. Пандемия салдары экономиканы әлсіретті. Етек-жеңімізді енді жиып жатқан жағдайымыз бар. Биылғы жылдың ерекшелігі, жана уақытқа жана талаппен келген сынайымыз байқалады.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Қазір жыл аяғы таяп қалды. Экономика өсімі 2021 жылы 3 проценттен астам болады деп күтілуде. Өртүрлі саяси дағдарыстарға қарамастан, Қазақстанның ішкі жалпы өнімі Президент Жолдауда айтқан меже бойынша өсетін болады. Дегенмен, әлемдік сарапшылар өртүрлі болжам айтады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда биыл егемен ел болғанмызға 30 жыл толып отырғанын, Тәуелсіздік біздің ескертіп қуандылығымыз екенін айтты. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болғанмызды атап көрсетті.

Иә, жетістіктер бар. Бізден оны ешкім тартып алмайды. Алайда Жолдауда мемлекет басшысы бірқатар өзекті мәселелерге тоқталды. Оның бірі инфляцияға, яғни біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге тікелей ықпал жасайтын макроэкономикалық мәселеге қатысты.

Біз жылдар бойы теңгенің құнсыздануын қалыпты құбылыс ретінде қабылдайтын болдық. 2020 жылғы наурыз айынан теңге АҚШ долларымен салыстырғанда 8 проценттен бестің біріндей құнсызданғанын білеміз. Бұл жағдайға халық түсіністікпен қарады. Себебі ол әлемдік коронавирус дағдарысына байланысты болады. Сонан бері тыныш едік.

Кешегі қараша айының соңында доллармен салыстырғанда теңге біршама құнсызданды. Оның себебін сарапшылар өртүрлі жағдаймен түсіндірді. Баспасөзге берген сұхбатында Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ә.Молдабекованың атап көрсеткеніндей, соңғы күндері теңге-доллар сауда-саттық көлемінің бір күн ішінде, яғни, 2 желтоқсанда 290 млн долларға жетуі 2020 жылғы сәуірден бастап рекордтық деңгей болып саналады. Қысқасы, теңге-доллар саудасы ә деугеннен көтерілді. Шенеуінік мұны әлемде «Омикрон» штаммының таралуына қатысты алаңдаушылықтың артуымен бірге келген мұнай бағасының күрт құлдырауымен түсіндіреді. Атап айтқанда, Brent мұнайы бір баррель үшін 70 доллардан төмен түскен.

Бір жағынан сарапшының бұл пікірімен келісуге болатын сынайы. Бірақ кейде теңгенің мұнай бағасының кез келген жағдайында құлдырауы мүмкін екенін біз жақсы білеміз. Өйткені жылдар бойы үйреншікті құбылыс жалғасып келеді. Көпшілікке мәлім, осыдан біршама уақыт бұрын әлемде мұнай өндірісін реттеп отыратын ОПЕК+ ұйымы озара мәмілеге келіп, өнім көлемін төмендетуге уағдаласқан еді. Ол тиісті нәтижеге жеткізді. Осыдан

төрт-бес ай бұрын мұнай бағасы көтерілді. Баға тіпті 80 доллардан асып кетті. Бұл бір жағынан әлем экономикасының тоқыраудан шығып қалыпқа түсуін білдіреді. Соңғы уақытта мұнай бағасы қайта төмендей бастады. Мұны сарапшылар АҚШ және басқа да ірі мемлекеттердің өз еліндегі мұнай резервін нарыққа шығарумен түсіндіреді. Нақты айтқанда, АҚШ президенті Джо Байден қарашаның соңында өзінің стратегиялық қорынан 50 млн баррельді нарыққа шығаратынын мәлімдеді. Бұмберг агенттігінің мәліметінше, Үндістан 5 млн баррельді сатуға шығаруға ұйғарым жасады. Осыған сәйкес Жапония, Оңтүстік Корея өнім көлемін арттыру үшін өз қорларын сатуға шығармақшы. Алып Қытай да осындай ұстанымда.

Сарапшылардың атап көрсеткеніндей, АҚШ-тың шешімі нарыққа айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Демек, баға төмендейді. Біздің пайымдауымызша, теңгенің құлдырауына ең басты себебі осы жағдай.

Ұлттық валюталар құны төмендеуде. Осыдан бұрынғы газет нөмірінде біз Түркия лирасының төмендеуі туралы айтқан болатынбыз. Сол сияқты Ресей рублінің құны соңғы уақытта төмендей бастады. Бірқатар сарапшылар АҚШ-тың стратегиялық мұнай қорынан қосымша өнімнің нарыққа шығарылуы бағаға пәлендей әсер ете қоймайды дегенді білдіреді. Сонымен бірге бұл шешімді экономикадан гөрі саясатты көздейтін құйтырқылық әрекет деп бағалайтындар бар. Ресейдің басты экспорты – газ төңірегінде күз айларынан бері үлкен саяси тартыстардың жүріп жатқанын ескерсек, АҚШ президенті шешімінің астарында саясат жатуды әбден мүмкін деген ойға келуге болады.

Сонымен әлемде үлкен саяси тартыс жүріп жатыр. Ал саяси

тартыстың әлемдік мұнай бағасын айналдырғын тағы мүмкін емес. Теңге қаншалықты деңгейде құлдырайды? Оның бағамын интервенция арқылы белгілі бір шекте ұстап тұруға бюджеттің шамасы қаншалықты қауқарлы? Бұл алдағы уақыттың еншісіндегі мәселе екенін атап өткіміз келеді.

Президент Жолдауда инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келгенін атап көрсетті. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр. Мұндай сыйлау Президенттің пайымдауынша, ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді.

Әлемде осындай үрдіс белен алды. Мұны жасыруға болмайды. Алайда нарыққа тасталған коп ақша инфляция үдерісін өсіргеніне рас. Пандемия кезінде дағдарысқа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға Президент пәрменімен 6,3 трлн теңге бөлінді.

Мемлекет басшысының атап көрсеткеніндей, ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жана мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Бүгінгі Қазақстанның көрінісі нақ осындай екенін мойындауға болады.

Мемлекет басшысы пандемия жағдайында жасалған жұмыстарға тоқталды. Мемлекет азаматтарға, кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті. Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңгеге жетті. Осының барлығы сонау тәуелсіздіктің алғашқы он жылында қалыптасқан еліміздегі Ұлттық қордың арқасында мүмкін болғанын атап көрсетті.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және астам қалуда септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтары



мерзімінен бұрын пайдалану айналып өтуі тағы мүмкін емес. Теңге қаншалықты деңгейде құлдырайды? Оның бағамын интервенция арқылы белгілі бір шекте ұстап тұруға бюджеттің шамасы қаншалықты қауқарлы? Бұл алдағы уақыттың еншісіндегі мәселе екенін атап өткіміз келеді.

Президент Жолдауда инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келгенін атап көрсетті. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр. Мұндай сыйлау Президенттің пайымдауынша, ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді.

Әлемде осындай үрдіс белен алды. Мұны жасыруға болмайды. Алайда нарыққа тасталған коп ақша инфляция үдерісін өсіргеніне рас. Пандемия кезінде дағдарысқа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға Президент пәрменімен 6,3 трлн теңге бөлінді.

Мемлекет басшысының атап көрсеткеніндей, ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жана мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Бүгінгі Қазақстанның көрінісі нақ осындай екенін мойындауға болады.

Мемлекет басшысы пандемия жағдайында жасалған жұмыстарға тоқталды. Мемлекет азаматтарға, кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті. Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңгеге жетті. Осының барлығы сонау тәуелсіздіктің алғашқы он жылында қалыптасқан еліміздегі Ұлттық қордың арқасында мүмкін болғанын атап көрсетті.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және астам қалуда септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтары

Бабалар қанымен келген құндылық

Журналистика саласының құрметті ардагері, белгілі фототілші Болат Омаралиевтің кезінде газетке арип түсірген суреттерінің қай-сыбірін алмайық, барлығы да құнды. Әйтсе де, солардың ішінде өзіме қатты әсер еткен бір сурет бар. Ол – ұшақтан түсе туған жер топырағын сүйіп жатқан қарияның суреті. Атамекеніне аңсап жеткенде сағынышы тулап, туған топырағына сәжде еткен ақсақалдың қай-таланбас сәті, тілмен айтып жеткізе алмайтын сұрапыл сезімдері бір кадрға сыйып тұр.

СЫР Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бұл тәуелсіздіктің арқасында қол жеткен арман болатын. Қытайдан, Ауғанстаннан, Ираннан, Түркиядан келген қандастарымыздан «Қазақстан тәуелсіз ел болды!» деген хабар жеткенде ол жақтағы ағайынның қалай қуанғанын естіп білдік. Қоғам қайраткері, жазушы Халифа Алтай Стамбул көшесінде немересімен келе жатып Қазақстан тәуелсіздік алды дегенді естігенде сол жерде отыра қалып жайнамазын жайып жіберіп, Құран оқығанын да білеміз.

Хасан Оралтайдың «Елімайлап өткен өмір» деген кітабында Қытай қазақтарының Тасламақан шөлі мен Гималай тауынан асқан жанкешті сапары баяндалған. Оны оқыған адам ғана қандастарымыздың ата-жұртының тәуелсіз ел болғанына соншама шаттанып қуанған сәтін немесе көздері жасқа толып тебіреніске түскен жайын түсіне алса керек. Олардың жүрегінде боландық қамытынан құтылған Отаны Қазақстанға деген сағыныш, ата-бабаларының еркіндік үшін төккен қан мен тері, егемендік алған елінің қуанышы түйісе келе, ерекше күш пен асқақ рух жатқан еді.

Иә, тәуелсіздік – қастерлі ұғым. Алып империя КСРО-ның іргесі сөгіліп, шаңырағы шайқалған сәтті пайдаланып, 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Бұл қазақ халқының тарихындағы, шын мәніндегі ұлы оқиға болды. Осылайша біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен жеттік.

«Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын» дейді бұл жөнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарық көрген «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында. Елбасы осы ойды аталған мақалада «Азат

еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан» деген сөздерімен жеткізуі де сондықтан болар.

Алайда, басқа одақтас республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздігін жариялап жатқан тұста Қазақстан тарапы ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жөңдіріп, үнемі әліптін артын бағып, аңысын аңдуга тура келді. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл туралы мақалада: «Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан береке кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді» дейді. Бұл жөнінен өзге республикалармен салыстырғанда Қазақстан үшін өзіндік қиындықтар жеткілікті еді. Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы шекараның ұзындығы 7,5 мың шақырымды алып жатқанының өзі не тұрады? Тіпті республиканың Жоғарғы Кеңесінде «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды талқылағанның өзінде оның қабылдануына қарсы пікір білдіріп, «батыл» сөйлегендер болды. Олардың қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екені де аңғарылып тұрды.

Міне, осы секілді өзге де қиындықтарды жеңіп ел тәуелсіздігін жариялағаннан кейін жас мемлекет басшысына зор жауапкершілік жүктелген еді. Ол тәуелсіздік деген киелі



құндылықты сақтап қалу ғана емес, оны нығайту және дамыту міндеті тұрған еді. Ол бұл міндеттерді абыроймен атқарып шықты.

Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіләлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі.

Тәуелсіздікті жариялаған соң әлемдік қаржы нарығын мұқият зерттей келе, ұлттық теңемізді дер кезінде айналымға енгіздік. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден таршылық көрмеуі үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін қазақ халқының жаңару кезеңі басталды. Қысқа уақыт ішінде әлемдегі екі жүзден астам мемлекет Қазақстанның тәуелсіздігін таныды. Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың беделді бір

мүшесіне айналды. Экономикалық табысты реформалар Қазақстанның «Еуразияның жарқыраған жұлдызы» атануына себеп болды.

«Тәуелсіздік тағылымы» мақаласында Елбасы бұл жөніндегі пікірін: «Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп, «Қазақстан – 2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелі көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жасалдық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды» деген оймен айшықтаған.

Елдің бас қаласы Алматыдан Есіл жағасына көшіріліп, Сарыарқаның төсінде әлемге үлгілі де көрікті қала салынды. Бұл көшпелі түркі мәдениетінің белді мүшесі қазақтардың отырықшы қала мәдениетінің де озық өкілі екенінің белгісі ретінде тарихқа енді.

«Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік».

Президент Жолдауынан

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кету қаупінен арылды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл статусына ие болды. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер қайта жанданып, өзінің табиғи даму жолына қайта түсті. Кезінде жатжұрттық өктем билеушілердің зорлық-зомбылығы салдарынан туған жерінен шетелдерге ауған қазақтар атамекеніне қоныс аударыла бастады. 1992 жылдан 2017 жылға дейін дүниежүзі қазақтары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен бес құрылтай өткізді. Бір миллионнан астам қазақ атамекеніне оралды.

«EXPO-2017» көрмесін өткізіп, жасыл энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалы энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде.

Қазақстанда Әлемдік дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі өткізіліп, еліміз өркениеттер диалогын, Батыс пен Шығыстың үнқатысуын өрістетуге үн қосты. Мұсылман әлемі мен Батыс елдерінің саяси көшбасшылары арасындағы диалогты ұйымдастыру туралы Қазақстанның бастамасы да халықаралық қауымдастыққа жоғары бағаланды және біздің шетелдік әріптестеріміздің толық қолдауына ие болды. Қазақстан Республикасы ТМД елдерінен және мұсылман жұртының арасынан алғашқы болып ЕКЫҰ-ға төрағалық ету құрметіне ие болды.

Елбасының осы және басқа еңбектерін айтпағанның өзінде оның болашақ ұрпақ алдындағы атқарған ең маңызды да зор ісі деп шекарамыздың шегенделуін арнайы атап кетуге болады. Өйткені, бабаларымыз бізге мұра қылып қалдырған ұлан-ғайыр жер кешегі патша заманында да, Кенес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен рәсімделмеген еді. Ұлт Көшбасшысы «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласында бұған арнайы тоқталып кеткен екен.

«Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетугіміз керек.

Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстанымда болуына септігін тигізді» делінген мақалада. Түсіне білген жанға жас мемлекет үшін шекараны шегендеу – зор жетістік.

Тұңғыш Президент өз мақаласын «Біз өзіміздің толағай табыстарымыз арқылы тәуелсіздікке сенбегендерді иландырдық, көнбегендерді қатарымызға тарттық, әлем мойындаған абыройлы мемлекетке айналдық. Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екендігіне кәміл сенемін» деген сөйлемдермен аяқтаған.

Қазақстанның болашағына барлығымыз да кәміл сенімде болуға тиіспіз. Мемлекеттің халық алдындағы негізгі міндеттері – тұрғындарды ауызсумен, жол қатынасымен, мектеппен, медициналық көмекпен және еңбекке жарамсыз адамдарды әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету. Елімізде бұл бағыттар бойынша елеулі жетістіктер бар және ол ұдайы жетілдіріле береді.

Ал жалпы алғанда мемлекеттің міндеті – адамның бар мүмкіндігін жүзеге асыруына жағдай жасау, оның дамуына ықпал ету. Басқасының барлығына ол өзінің білімімен, білігімен, күш-жігерімен қол жеткізуі тиіс. Қазақстанда адамдар өз кәсібін ашу үшін түрлі бағдарламалар қабылданған. Талпынған адамға әрдайым жұмыс табылады. Ең бастысы – басқаға иек артудан, мемлекетке деген тұтынушылық көзқарастан арылу қажет. Мұны әсіресе жас ұрпақ жаксы түсінуі тиіс. Кезінде АҚШ президенті Джон Кеннеди айтқан «Мемлекет маған не береді деп емес, мен мемлекетке не бере аламын» деген ұғымды басты ұстаным етіп алғаны абзал. Сонда ғана тәуелсіздігіміз тұғырлы болмақ.

«Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаладан түсінгеніміз, бабаларымыз сан ғасырлар армандаған, сол жолда талай қан төккен азаттығымызды, тәуелсіздігімізді бәріміз де қастерлеп, аялауға тиіспіз.

Тәуелсіздік: 2021 жыл

Биыл тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар елімізде және өңірде көптеген саяси, әлеуметтік және өзге де іс-шаралар көрініс берді. Аталған оқиғалардың барлығында халықтың ауызбірлігі, татулығы және достығы басты орынға шықты.

СЫР Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Жыл басында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті деңгейдегі мәслихаттар сайлауы өткізілді. Оған барлығы 7 саяси партия қатысып, нәтижесінде 3-і Мәжілісте өзіне тиесілі орындарға ие болды. Ал біздің облыста 152 мандатқа барлық партиядан өкілдер қол жеткізді.

Сондай-ақ, биыл Арал ауданындағы құрғақшылық жергілікті халықты үлкен әбігерге салды. Салдарынан 559 мал басы шығынға ұшырады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда және Маңғыстау облысындағы қуаңшылық жағдайға байланысты қажетті іс-шараларды қабылдау жөнінде Үкіметке тапсырма берген болатын. Алғашқы кезекте мал басын аман алып қалу үшін су ұңғымасын қазу, жайылымдық және шабындық жерлерді суландыру мақсатында каналдар тазаланып, су тоспаларын салу мәселесі назарға алынды. Бұл жобалар толық жүзеге асуы үшін Сырдария өзенінің «Бұрмақұлақ» арнасын бөгеіп, «Аспай» су ағытқысын іске қосу арқылы «Ақшатау-Жамбаш» көлдер жүйесін суландыру жұмыстарына назар аударылды. Облыс басшысы бұған байланысты ел Үкіметіне тиісті ұсыныстар жолдады. ҚР Премьер-Министрінің қаулысымен Арал ауданында төтенше жағдай жарияланып, республика бюджетінен қаржы қаралды.

Ел өміріндегі тағы бір маңызды оқиға – ауыл әкімдерін сайлау. Біздің облыста 40 округ бойынша тұрғындар ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін тандауға ниет білдірді. Оған 36 мыңнан астам адам сайлаушы ретінде тізімге енгізілді. Олардың 83,58 проценті дауыс беруге қатысты.

Коронавирус пандемиясы салдарынан бір жылға кейінге шегерілген Токио олимпиадасы биыл барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жоғары деңгейде өткізілді. Дүбірлі додада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Олимпиада бағдарламасына алғаш рет бейсбол, каратэ, серфинг, спорттық қузаға өрмелеу және скейтбординг секілді спорттың бес түрі енгізілді. Айтулы аламанға жұмыр жер бетіндегі 206 мемлекеттен 11090 спортшы қатысты. Жарысқа қатысушылардың 49 процентін әйелдер құрады.

Қазақстандық 95 спортшы Күншығыс еліне спорттың 27 түрінен бақ сынады. Токио төрінде Қазақстан жалауын қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакова ұстап шықты. Айта кетерлігі, Қамшыбек – біздің өңірден мұндай мәртебеге ие болған тұңғыш спортшы.

Қазақстан спортшылары сегіз қола медаль алды. Олардың қатарында дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия

Чиншанло, боксшылар Қамшыбек Қоңқабаев, Сәкен Бибосынов, палуан Нұрислам Санаев, каратэшi Дархан Асадилов пен Софья Берульцева бар.

Биыл 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында елімізде Ұлттық халық санағы өткізілді. Халықты толық есепке алуды қамтамасыз ету және халық санағын жүргізу кезінде де-

ректер сапасының анықтығын тексеру үшін 1 қарашадан 7 қарашаға дейін бақылау іс-шаралары нақтыланды. 1 қарашадағы жағдай бойынша халық санағы облыстың барлық тұрғындарын қамтыды.

Ал, онлайн санақтың қорытындысы бойынша облыста 437738 адам халық санағынан өтіп, 53,2%-

ті құрады. Қазақстан Республикасы бойынша Қызылорда облысы онлайн санақтан өту рейтингінде екінші орын алды.

Кездескен қиындықтарға қарамастан биыл қызылордалық дикан-дар мол өнім жинады. Су жетіспеушілігінен күріш егісі 89,5 мың гектардан 83,6 мың гектарға дейін

қысқартылды. Орташа өнім гектарына 59,8 центнерді шамалады. Алдағы уақытта ылғал аз қажет ететін дақылдар – соя, жүгері, майлы мақсары, күнбағыс және жемішөттік дақылдар – жоңышқа, сүрлем, жемдік асқабақ егістігі ұлғайтылады. Сонымен қатар, суландырудың ылғал үнемдеу технологиялары – аквагельдер, жаңбырлатып суару, көшет әдісі енгізілуде.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қызылорда облысында ауыл шаруашылығының үлесі кейінгі 10 жылда 3,9%-тен 6,3%-ке дейін артты. Күріштің өнімділігі мен жалпы алынған өнімі бүгінде 1991 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есеге өскен.

Айта кетерлігі, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Сыр журналистикасының тарихы» 5 томдығы жарық көрді. Бұл еңбектің ерекшелігі сол, Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өткені мен бүгінгі қызылордалық журналистердің өздері саралап жазып шықты. Шығармашылық топ бұған екі жыл уақыт арнады. Кітап жазу барысында Сыр журналистикасының тарихына қатысты бұрын-соңды қалам тербеген аға-әріптестердің, ғалымдардың еңбегі пайдаланылды. Мұнымен қоса Мәскеу, Алматы қалаларындағы, Қызылорда облысындағы архивтерден, кітапханалардан нақты мәліметтер, тың деректер алынды.

Ауқымды жоба көмескі тартқан тарихты қайта түгендеу, қалам ұстаған кешегі әрі бүгінгі буынның азды-көпті еңбегін дәріптеу, талдап-таразылау, ғылыми айналымға қосу, жас журналистерге кәсіби бағдар беру секілді мақсаттарды көздеді.





Қазақстан Президенті Жолдауда осы мәселені неліктен көзге алды? Геологиялық барлау жұмыстары көбіне-көп біздің бюджетіміздің негізін құрайтын тау-кен өндірісінің табысымен сабақтас ұғым. Алысқа бармай-ақ кейінгі деректерге тоқталайық. Сонау Кеңес Одағынан бері зерттелген қазба байлықтардың қоры Қазақстанның бірқатар аймақтарында сарқыла бастады. Соның бірі – Сыр өңірінің мұнайына қатысты мәселе. 2012 жылдан бастап мұнай өндіру көлемі төмендеді. Кейінгі оншақты жылдың көлемінде өңірде мұнай өндіру көлемі екі еседен астам төмендеді. Бұл қазір әлеуметтік мәселеге айналды. Себебі жұмыс орындары қысқаруда. Қазіргі зерттеулер көрсетіп отырғандай біздің өңірде мұнай-газ саласын дамытуға байланысты жерасты байлықтарының қоры бар екені анықталып отыр. Бірақ, ол кемінде 5 мың метр тереңдікте орналасқан. Ал, оларды игеру үшін озық технология қажет.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Қазірдің өзінде Шу-Сарысу шөгінді бассейнінде мұнай-газ перспективалы құрылымдарын анықтау мақсатында жер қойнауын зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, «Оңтүстік Торғай және Сырдария» шөгінді бассейндері барлануда. Осы геологиялық барлау жұмыстары сәтті аяқталған кезде Сыр өңіріндегі мұнай өндірісі жандана түсеріне ешқандай күмән жоқ.

Ғасырдан астам уақыт өтсе де, мұнай-газ саласының әлеуеті әлі де зор. Ол қарқынды дами отырып, жаңа сапалы деңгейге көтеріліп келе жатыр. Одан да маңызды мәселені атап өткіміз келеді. Зерттеулер бойынша Қазақстанның болашақ мұнай орталықтары ретінде Қостанай, Түркістан және Қызылорда облыстары аталуда. Елімізде негізінен Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан геологиялық базалар өзектендіріліп, оның сапасын арттыру мақсатында жаңа база құрылатын болады.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің хабарлауынша, мемлекет өз қаражаты есебінен жер қойнауына терең геологиялық зерттеулер жүргізу ісіне кірісіп кетті. Осы барлаудың ерте сатыларында анықталған перспективті алаңдар туралы геологиялық ақпарат деректер базасына енгізіледі. Олар отандық, шетелдік жеке инвесторлар үшін ашық жарияланады. Қазіргі кезде негізінен, еліміздің батыс өңірлері – республикамыздың «мұнай орталығы» саналады. Бірақ Энергетика министрілігінің мәліметінше, шамамен 40-50 жылдан кейін әлемдік алыптар қатарында саналатын «Теңіз», «Қашаған» және «Қарашығанақтың» «қара алтыны» сарқылады.

Сол тұста олардың орнына келетін жаңа ірі мұнай-кен орындары ашылуы мүмкін. Ендігі жерде Қызылорда, Қостанай, Түркістан облыстарының ресурстық базасын кеңейту мақсатында бұған дейін аз зерттелген шөгінді бассейндерге және мұнай-газ ресурстық әлеуетіне зерттеу жүргізіледі. Шөгінді бассейндер шегінде мұнай-газ жиналуының жаңа көзжиектері ашылады және жаңа мұнай-газ қабаттары анықталады. Шығыс, Орталық, Солтүстік Қазақстандағы монокалалардың маңында минералдық-шикізат әлеуеті геологиялық зерттеуден өткізіледі.

Сырдың мұнайы туралы айтқанда, тарихқа үңілуге тура келеді. Жылдар бойы аграрлық сипатта дамыған Сыр экономикасы өткен ғасырдың 80 жылдарының басында бір серпілгендей болды. Өңірде мұнайдың алғашқы ұңғымалары атқылды. «Ленин жолының» тілшісі ретінде сонау Жезқазған өңіріне ат басын бұрып, сондағы алғашқы вахталық қалашықта болғаным есімнен кетпейді. Мұнда барлығы бар. Жапан далала қоныстанған мұнайшылардың бүкіл тіршілігі автономды жабдықтауға қосылған.

Алғашқы мұнайшыларды осы қалашықта кездестірдік. «Манғыстау мұнайгаздан» бөлініп шығып, өз алдына Қызылордада отау құрған «Оңтүстік-мұнайгаз» шаңырағын көтерушілер қатарында Мұрат Саламатов, Есқожа Бергенбаев, Жәніс Жалғасов, Қабил Қыстаубаев, тағы ондаған мұнайшы болды. Олардың барлығы бізге, мұнайлы өлкеміз көтеруге Қазақстанның Батысынан келді. Негізінен Сырдың тумалары болғандықтан, олар өз туған жеріне деген ыстық ықыластарын, ізгі шуақтарын ала келгендей еді.

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін мұнайшыларға Қызылордадан арнайы тікұшақтар, сол кездің жедел әуе көлігі «АН-2» қатынайтын. Журналистер қауымы да осы көліктермен 200 шақырымдық қашықтыққа сапар шегетін. Біз үшін бір қызық әлем. Қызылорданың мұнайы

лары тартылуы нәтижесінде мүмкін болды. Әрбір жаңа жоба жүзеге асырылған сайын мұнай саласы өз қуатын және әлеуетін ұлғайта түсуде.

Мұнай қорының көлемі Қазақстанда 90-жылдардан бері 5,3 млрд баррельден 30 млрд баррельге дейін өсті. Еліміз мұнай экспорттаушы көшбасшы елдердің қатарына қосылып, әлемде мұнай қоры бойынша 12-орынға және газ қоры бойынша 22-орынға көтерілді. Қазіргі мұнай өндіру көлемі 3,5 есеге артты.

Жалпы айтқанда, тәуелсіздік жылдары ішінде 1,5 млрд тоннадан астам мұнай және 740

мұнай-газ-химияға салынған әрбір доллар экономикаға 2-3 доллар өсім береді және 7 жаңа жұмыс орнын құруға ықпал етеді. Бүгінде, осындай әлеуеті зор жобалардың ішінде 8 газ-химия инвестициялық жобасы пысықталып жатыр. Олардың жалпы құны 12 млрд АҚШ долларынан асады. Оның ішінде полипропилен және полиэтилен жобалары таяу шетел арасындағы полимер өндірісінің ең ірі жобалары болып есептеледі.

Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлерінің 171 елді мекенін, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласын табиғи газбен

«Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай түрлі ведомстволарға бағынатын бытыраңқы мекемелердің негізінде ұлттық геология қызметін құру керек. Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополистке айналмауға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру. Жер қойнауын пайдалану саласына, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу ісіне тың серпін қажет».

Президент Жолдауынан

бен Хазар жобаларына салынатын инвестициялардың жалпы көлемі 5 млрд АҚШ долларынан асып жығылады. Теңіздегі жобалармен қатар еліміздегі аз зерттелген перспективалы аумақтарда геологиялық барлау-

тектің жаңа ресурстық қорын түзететін болады. Осы арқылы елдің ғасыр ортасынан кейінгі энергетикалық қауіпсіздігін кепілдендіріп, отын-энергетикалық кешеннің орнықты дамуына жол ашады. Бұл міндеттер

мұнай және басқа да шикізат мол екеніне сенімді. Сондықтан Қостанай, Қызылорда, Түркістан облысы және басқа өңірлер жаңа бағдарламаға қазба байлық іздеудің перспективті аумақтары ретінде кіріп отыр. 2021-2025 жылдар аралығында геологиялық барлау саласына 1 триллион теңгеге дейінгі қосымша инвестиция құйылады деп күтілуде. Осынау кең көлемді зерттеулер қорытындысында алынған геологиялық материалдар ашық әрі қолжетімді болады. Егер қазіргі болжамдар расталып, мол ресурстар табылып жатса, оларды әрі қарай тереңірек барлап, игеруге қазақстандық және шетелдік инвесторлар шақырылады деп күтілуде.

Жалпы, Қазақстанның геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін мемлекет 5 жыл ішінде 165 миллиард 890,2 миллион теңге салуды жоспарлап отыр.

Мемлекеттің жоспарлау стратегиясы Орталық атқарушы және жергілікті биліктің ұстанымдарымен үйлесімді болуы қажет екені белгілі. Бұл орайда облыс басшылығы да тиісті жұмыстарды қолға алуда. Белгілі себептермен Қызылорда өңіріндегі мұнай компанияларында мұнай өндіру көлемі кейінгі жылдары күрт төмендеп кетті. Бұл, сайып келгенде, облыстың өнеркәсіп әлеуетінің біршама кемуіне ықпал жасады. Осыған орай облыстың 2021-2022 жылдарға арналған мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі Жол картасы жасалуда. Аталған мерзімде жер қойнауын пайдаланушылар 79 жаңа бұрғыны іске қосады деп жоспарлануда. Алдағы уақытта Арал теңізі акваториясының «Батыс», «Шығыс» учаскелеріне сейсмикалық зерттеу жүргізіліп, 2022 жылы пайдалы қазыны игеру қолға алынады.

Мұнайдың бүгінгі жағдайына келейік. Пандемияға байланысты әлемде қалыптасқан күрделі ахуал біршама жақсара бастады. ОПЕК+ көлемінде тиісті шешімдер қабылданды. Жыл көлемінде мұнай өндіру көлемі біршама қысқарды. Нәтижеде баға көтерілді. Бағаның көтерілуі Қазақстан экономикасына, бюджеттің табыс көзінің артуына ықпал жасады. Сарапшылар 2021 жылы мұнай бағасы барреліне 60 доллардан төмендемейді деген пікір айтқан болатын. Қазір ол 70 доллардың шамасында. Әлбетте, бұл баға Қазақстанға қолайлы. Елімізде 2020 жылы 85,7 млн тонна мұнай және конденсаты өндірілді. Сол 2020 жылы Қазақстан 68,5 млн тонна мұнай экспорттады. Оның ішінде 15,8 млн тонна мұнай қайта өңделді. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 17 млн тоннаға жетеді.

Геологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде ашылатын жаңа кен орындары Қазақстан бюджетінің негізгі тірек көзі, Ұлттық Қордың табысы болып табылады. Сол себептен Ел Президенті осы мақсатқа ұдайы көңіл бөледі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗБА БАЙЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ИГІЛІГІ



көп ұзамай өзінің алғашқы 100 мың тонна өнімін, кейін 1 млн тонна «қара алтынын» берді. Осы мерекелік даталар лайықты түрде аталып өтілгенін білеміз. Сыр мұнайы осылайша біздің өндірістік әлеуетімізді арттыра түсті. Көптеген әлеуметтік маңызды нысандар пайдалануға берілді.

Мұнайлы өлкенің дамуына Қызылорда облысын басқарған бірінші хатшы Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің, кейін оны алмастырған Сейілбек Шаухамановтың елеулі үлес қосқанын аға ұрпақ жақсы біледі. Олар кеңіс облыстың аумақтық бөлінісінен тысқары жерде игеріліп жатуына орай одақтық басшылыққа шығып, Қарағанды жерін ұзақ мерзімге Қызылорда облысына беру жөнінде шешімнің шығуына қол жеткізді. Мұндай шешімнен кейін облыстың әлеуметтік-экономикалық жаңа бағытта дамуына елеулі ықпал жасаған еді.

Саланың табысы сол кезде республикада бірінші салынған диагностикалық орталық пен аурухананың құрылысына жұмсалды. Бұл орайда Мәскеумен, Орталық министрлікпен келісімге келудің оңай болмағанын бүгінде жыр етіп айтуға болады. Көп ұзамай ортақ жүйе құлап, Қазақстан тәуелсіздігін алды. Осынау қиын сәттердің экономикалық берекесіздікке ұласқанын біз жақсы білеміз. Мұнайшылардың өніміне көптеген шаруашылықтар қаржылай есеп айырыса алмады. Барлығы заттай алмасуға көшті, қарыздар ай санап емес, күн санап ұлғайды. Осы тұста Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мұнай өндірісін шетелдік ірі компанияларға сату жөнінде бірден-бір дұрыс шешім қабылдады. Солардың қатарында «Оңтүстік-мұнайгаз» алдымен канадалықтарға, кейіннен қытайлықтарға сатылды.

Жалпы Қазақстанның мұнай өндірісінің тарихы ғасырдан астам уақытты қамтиды. 2019 жылы Қазақстан отандық мұнайдың 120 жылдық мерейтойын атап өтті. Елімізде алғашқы кен орны ашылғаннан бері 300-ден аса мұнай кен орны игерілді. Бұл Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық дұрыс шешім қабылдап, мұнай саласына «Шеврон», «Аджип», «Шелл», «Тотал», «СНПС» сияқты әлемдегі ең озық компаниялардың инвестициялары мен технология-

кезең-кезеңімен қамтамасыз ететін Сарыарқа магистральдық газ құбырының құрылысы кестеге сай жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда 778 шақырым құбырмен құбыр дөңкерленді. Жылдың соңына дейін магистральды құбыр құрылысы аяқталатын болады. Мәселен, 2025 жылға дейін Исатай, Абай, Жәніс, Қаламқас-Теңіз

жандандыру жоспарланып отыр. Энергетика министрлігі мен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2021-2025 жылдарға Геологиялық барлау бағдарламасын қабылдады.

Осылайша мемлекет қазіргі кезде мұнайы қарқынды өндіріліп жатқан басты өңірлерді 2040 жылдан кейін ауыстыру үшін қажетті көмірсу-

ды жандандыру жоспарланып отыр. Энергетика министрлігі мен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2021-2025 жылдарға Геологиялық барлау бағдарламасын қабылдады.

Осылайша мемлекет қазіргі кезде мұнайы қарқынды өндіріліп жатқан басты өңірлерді 2040 жылдан кейін ауыстыру үшін қажетті көмірсу-



қамтамасыз етілді. Қытайға экспорттық бағыт ашылды. Сонымен, экспорт көлемі 5 есеге ұлғайып, оның бағыты 36 елге кеңейтілді. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры салынды, «Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» ірі газ транзиттік дәлізі ашылды. 2018 жылы Қытайға газ экспорты басталды. Мұнай өңдеу зауыттарын инновациялық жаңартуға жалпы 6 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестициялар тартылды. Мұнай өнімдерінің ішкі нарығы жоғары экологиялық стандарттарға сәйкес өнімдермен толық қамтамасыз етілді.

Ішкі нарықты мұнаймен қамтамасыз ету, негізінен, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының кен орындары есебінен жүзеге асырылып отыр. Мұнай өңдеу зауыттарындағы мұнай көлемінің азаю қаупі бар. Ресурсты тиімді пайдалану үшін Үкімет нақты ұсыныстар енгізуі қажет, – деп атап өткен еді Мемлекет басшысы.

Ел экономикасы үшін мұнай-газ-химия саласының әлеуеті зор. Әлемдік тәжірибеде





ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ӨЛШЕМ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысының Жолдауында атап көрсетілген басымдықтар мен осы бағытта қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында Жалағаш ауданында біршама ауқымды жұмыстар атқарылды. Жүзеге асырылған жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы нығайтуға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аудан экономикасын әртарапандыруға бағытталған. Нәтижесінде, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі қалыпты, қаржы-салық саясаты тұрақты. Ең басты жаңалық – Жалағаш ауданы көптен күткен «көгілдір отынға» қол жеткізді. Осы жұмыстар төңірегінде аудан әкімі Асылбек Шәменовпен әңгімелескен едік.

– Асылбек Өмірбекұлы, әңгімімізді биылғы басты жаңалықтан бастасaq, аудан орталығын газдандыру жұмыстары толық аяқталды ма? Елді мекендерге қашан жеткізіледі?

– Иә, «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – халықтың көптен күткен жаңалығы еді. Сол игілік биыл іске асырылып, Жалағаш кентінің газдандыру жұмыстары толық аяқталды. Жобаның жалпы құны 3 млрд 691 млн теңге құрады.

Кент тұрғындары «көгілдір отынды» пайдалана бастады. Бүгінгі күнге Жалағаш кентіндегі 1500 үй газ желісіне қосылды. Бұл кенттегі тұрғын үйлердің 48 процентін құрайды. Алдағы уақытта жеке секторды орталықтандырылған газ желісіне қосу жұмыстары кәсіпкерлер тарапынан жүзеге асырылады. Қазір арнайы рұқсаты бар 12 жеке кәсіпкер өз қызметтерін ұсынып отыр. Әлеуметтік нысандарға келсек, ээрге кенттегі №202 орта мектептің және аудандық аурухананың жылу жүйесі орталықтандырылған газ желісіне қосылды. Жалпы әлеуметтік нысандардың барлығы кезек-кеземен қосылатын болады.

Ауданға қарасты ауылдық округтерді орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз ету күн тәртібінде тұр. Биыл Ақсу ауылын газ желісіне қосу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге қаржы бөлінді.

– «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 74 адам шағын несие алып, 24 жаңа жұмыс орны ашылды...»

– 1 қарашадағы жағдай бойынша 1566 адам жоғарыда аталған бағдарламаға қатысқан болатын. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша 31 адам кәсіптік білім алып, толықтай жұмыспен қамтылды. Екінші бағыты арқылы 74 адамға 348,7 млн теңге көлемінде шағын несие беріліп, қосымша 24 жұмыс орны ашылды. Ал, бағдарламаның үшінші бағыты бойынша 356,4 млн теңге қаржы қаралған, бұған 1197 адам жолданса, әлеуметтік жұмыс орындарына 61 адам жіберілді. Оның ішінде 324 жас маман жастар тәжірибесінде болып, 87 жас маман тұрақты жұмысқа орналасты. Сондай-ақ, «Бастау-бизнес» жобасы бойынша 153 адам оқу курстарын аяқтап, 76 жоба қаржылай қолдау тапты. Ал, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 105 үміткердің жобасы 61,3 млн теңгеге қаржыландырылды.

Ауданда халық саны 35267 адамды құрайды, оның ішінде 14664-і экономикалық белсенді халық. Ал, жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 процентті құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,3 процент болып отыр. Әрине, жұмыссыздық мәселесін бір демде шешу мүмкін емес. Себебі, уақыт ағымына қарай жұмыс түрлеріне деген сұраныс өзгеріп барады. Бұл ретте жаңа міндеттер туындайды. Соның бірі – жұмыссыз азаматтарды мамандыққа қайта даярлау, олардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, кәсіппен шұғылдануына мүмкіндік жасау. Осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

Биылғы атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 334 жоба 2,6 млрд теңгеге қаржыландырылып, 417 адам жұмыспен қамтылды. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін

өндіруші кәсіпорындар және жеке сектор арқылы 10 айда 8,2 млрд теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 71,7 процентке артық орындалды. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау есебінен 93,8 процентке өсіп, 6,1 млрд теңгенің өнімі өндірілді.

– Ауыл шаруашылығы бойынша Жалағаш ауданы үнемі алдыңғы қатардан көрінеді. Оған себеп те жоқ емес. Сыр құрышын өсіруде аудан дикандарының тәжірибесі мол. Дегенмен, биылғы егіс маусымында су тапшылығы орын алғаны білеміз. Бұл қиындық егін шаруашылығына зардабын тигізген жоқ па?

– Биыл аудан бойынша 36 231 гектар жерге егіс орналастырылды. Оның ішінде Сырдың басты дақылы – 19 800 гектар күріштің өр гектарынан 62,3 центнерден 123 354 тонна өнім алынды.

Иә, егін маусымында еліміздің барлық өңірінде су тапшылығы орын алғаны белгілі. Бұл қиындықпен жалағаштық дикандар да бетпе-бет келді. Сол себепті егілетін мөлдіріміз өткен жылмен салыстырғанда 1800 гектарға қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін 600 гектар жаздық бидай, 147 гектар жүгері, 30 гектар жаздық арпа, 2200 гектар мақсары дақылдары егілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мамандары заманауи техникаларды тиімді пайдалана отырып, егілген дақылдарды лайықты күтіп-баптап, өнімін ысырапсыз жинап алды.

Мемлекеттік қолдауларды тиімді пайдаланудың нәтижесінде өндірісінің дамуында он нәтижелер қалыптасты. Соның бірі – 1 млрд 334 млн теңгеге 35 дана ауыл шаруашылығына қажетті жаңа техника сатып алынды. Айта кетейік, салаға жаңа техникалардың келуі еңбек өнімділігін еселей түсті.

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да егін жұмыстарының қорытындысымен, өз міндетін сапалы атқарған озат мамандар мен егішші-механизаторлардың еңбектері дәріптеліп, қаржылай сыйлықтар иеленді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының кеңінен насихатталуы бүгінгі жастардың осы саланы таңдауына он әсер етіп отыр.

Егін саласымен қатар, аудан экономикасының негізгі резервінің бірі – мал шаруашылығының да ісі ілгерілеп келеді. Айталық, ауданда 106 кәсіпкер мал шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде 88 шаруашылық «Сыбаға» бағдарламасының игілігін көріп отыр. Асылтуқымды малдың үлесі арта түсті. Бұл ретте ірі қара 3,1%-ке, жылқы 9,5%-ке, түйе 23,1%-ке көбейіп, нәтижесінде ет-сүт өндіру көлемі ұлғайды. Оның басты себебі – мемлекеттік бағдарламаларға ауыл шаруашылығы құрылымдарының белсене қатысуы.

Сонымен қатар, ауданда ауыл шаруашылығы жерін айналымға енгізуге баса назар аударылған. Биыл көлемі 14900 гектар жер уәкесі айналымға енгізіліп, аудан бюджетіне 24 млн теңге көлемінде қаржы түсірілді.

– Қай уақыт тұрғысынан қарасақ та басына – басты мәселе. Осы орайда ауданда аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қаржы бөлінгені – қуантарлық жағдай. Осы жөнінде айтып берсеңіз...

– Расында, тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Тұрғын үй кезегінде 426

адам тіркелген. Бұл ретте Жалағаш кентінің өсу динамикасына сәйкес «Ақтерек» лагері аумағынан тұрғын үй салуға арнайы жер белгіленді. Ендігі кезекте жер аумағын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 64 млн теңге қаралып, жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. Бұдан бөлек, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 30 тұрғын үй сатып алуға Ұлттық қордан 277 млн теңге

Сонымен қатар, білім беру саласын дамытуға бағытталған жұмыстар ауданда жүйелі жолға қойылған. Биылғы оқу жылынан бастап саладағы құрылымдық өзгерістерге байланысты білім саласын басқару облыстық деңгейге өтті. Дегенмен саланың өзекті мәселелерін шешу ортақ іс болып қала береді. Бүгінге дейін бірлесіп атқарған жұмыстар нәтижесіз емес.

Аудандағы 20 мектепте білім алушылардың жалпы контингенті – 7041 оқушы. Білім беру



бөлінді. Қазір қажетті жұмыстар атқарылуда.

Биылдан бастап аудан орталығындағы көпәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу қолға алынып отыр. Өткен жылы аудандық бюджеттен бөлінген 6 млн теңгеге Жалағаш кентіндегі 5 көпәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжаттар әзірленген болатын. Осы жоба алдағы жылға қаржыландыруға ұсынылып, мақұлданып тұр. Сонымен қатар, демалушылардың көмегімен 8 көпәтерлі үйдің қасбеттері әктеліп, сырланып, 6 үйдің шағыры ауыстырылды.

Осы орайда айта кетейік, жеке тұрғын үй салушылар қатары жыл сайын артып келеді. Атап айтқанда, жеке сектор есебінен жалпы алаңы 12999 шаршы метрді құрайтын тұрғын үй салынып, өткен жылмен салыстырғанда 3,7 процентке артқан. Әрине, бұл көрсеткіш тұрғындардың тұрмысы ілгері басқанын аңғартады.

– Мемлекет білім беру саласына ерекше қолдау танытып отыр. Соның бір айғағы – «Педагог мәртебесі» заңмен бекітіліп, мұғалімдерді моральдық-материалдық тұрғыдан көтермеге бағытталған қолдаумен қамтамасыз етілуі. Ауданда бұл саланың жайы қалай?

– Ол рас. Мемлекет басшысының Жолдауында білім беру саласына баса мән берілген. Себебі, білімге салынған инвестиция қайтарымды деп есептеледі. Бұл орайда еліміздің болашағына қызмет ететін жас ұрпақты жаңаша заман талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеудің орны ерекше.

Мәртебелі мамандық иесі – педагог-ұстаздардың қоғамдағы беделін қалыптастыру мақсатында оларды әлеуметтік тұрғыда қолдауға арнайы іс-шаралар қабылданды. Атап айтқанда, сала қызметкерлерінің жалақысы кезек-кезеңімен көбейіп келеді.

«Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы».

Президент Жолдауынан



жыл санап артып отыр.

– Білімімізше, өткен жылы ауданда 100 орындық аурухана пайдалануға берілді. Жалағаштықтар үшін бұл басты жаңалықтың бірі болды. Ал, ауылдық жерлерде медициналық қызмет көрсету жайы қалай? Сондай-ақ, әлемді алаңдатқан пандемияға қарсы қандай шаралар қолданылып отыр?

– Шындығында, аудан орталығындағы аурухана мәселесі көп жылдан бері күрделі сауалдың

болғанын, сондықтан бұл мәселе бір сәтке де назардан тыс қалмауы қажеттігін айтқан болатын. Осы орайда ауданда эпидемиологиялық ахуалды бақылауда ұстауға және барлық санитарлық талаптарды орындауға басымдық берілді. Ауру зардабын жоюдың кешенді іс-шаралары жүзеге асырылды. Сондай-ақ, аудан тұрғындарының өз таңдауымен екпе алу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде бытырғы жылмен салыстырғанда, жағдай біршама жақсарған.

Екі жылдық тәжірибеден байқалғандай, барлық санитарлық талаптарды мұлтіксіз орындау арқылы ғана елдегі қалыптасқан кез келген күрделі жағдайлардың алдын алуға болатынын, сол себепті бұл мәселені үнемі бақылауда ұстау қажеттігін өмір көрсетті.

– Елдің рухын көтеріп, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда мәдениет, спорт саласының маңызы зор. Бұл саланың бүгінгі тіршілік тынысы қандай?

– Иә, мәдениет саласының алдында тұрған міндет ауқымды. Елдің өткені мен бүгінін сабақтастыра отырып, жалпы руханияты дамытуға қызмет етеді. Бұл бағытта сала мамандары жемісті еңбек етіп келеді.

Жыл бойы аудан тұрғындарын рухани, мәдени тұрғыдан байытуға арналған «Шежірелі Жалағаш», «Дәстүр мен таным», сондай-ақ, еңбек адамдарын насихаттау мақсатындағы «Тұлғатану» сияқты бірқатар жобалар іске асырылды. Десек те әлі күнге ауылдық клубы жоқ елді



ұйымдарының инфрақұрылымын дамыту басты назарда. Апатты жағдайдағы мектеп мәселесі шешілген. Биыл Тан ауылындағы орта мектеп ғимаратына 333,1 млн теңгеге, Есет батыр ауылындағы орта мектептің ескі ғимаратына 367,9 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Мемлекеттік бағдарлама аясында Жалағаш кентінен құны 431,4 млн теңгені құрайтын 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі салынды. Сонымен қатар, аудан орталығындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 200 орындық қосымша ғимаратының жоба-сметалық құжаттары дайындалуда.

Бүгінгі күні ауданда 36 (28 балабақша, 8 шағын орталық) балабақшада 2242 бала тәрбиеленуде. Оның ішінде 1-3 жасқа дейінгі балалардың қамтылуы 40,6 процентті құраса, 3-6 жасқа дейінгі балалар түгелдей балабақшамен қамтылған.

Жалпы білім саласы – идеологиялық саясаттың ажырамас біртұтас бөлшегі. Сондықтан бюджет есебінен бұл салаға бағытталған қаржы көлемі де

бірі болатын. Өткен жылы осы мәселе шешімін тауып, құны 4 млрд теңгені құрайтын типтік жобадғы аурухана пайдалануға берілді. Жаңа аурухана заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, тұрғындарға талапқа сай қызмет көрсетіп келеді. Ауруханада 94 дәрігер, 446 орта буын қызметкер жұмыс істейді.

Аудандағы іргелі сала – денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық жағдайын нығайту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Ең бастысы – халықтың ауылуына қажетті медициналық қызмет көрсетуі жолға қою. Ауылдардағы медициналық қызмет жайлы айтар болсақ, биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Таң ауылынан жаңадан дәрігерлік емхана салынды. Ал, Есет батыр және Мырзабай ауыл ауылдарына дәрігерлік амбулатория нысан салу үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджет есебінен қаржы бөлінді.

Мемлекет басшысы әлемді жайлаған коронавирис инфекциясы еліміздің денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ

мекендер бар екенін жасыра алмаймыз. Бұл мәселені шешу мақсатында Аққыр және Мырзабай ауыл елді мекендеріне 100 орындық клуб ғимаратын салу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге жергілікті бюджеттен 13,9 млн теңге бөлінді. Алдағы уақытта М.Шәменов елді мекеніндегі Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отыр. Жоба құны – 160 млн теңге.

Мемлекет тарапынан спорт саласын дамыту үшін бірінші кезекте саланың инфрақұрылымын қамтамасыз ету мәселесі тапсырылған болатын. Осы орайда жерлесіміз Қ.Құлтеке-новтің жеке қаражаты есебінен Жалағаш кентінде құны 307 млн теңгені құрайтын жабық бассейн кешенін салып, пайдалануға берілгенін атап айтар едік. Қазір бұл спорттық кешенде 19 адам жұмыс істейді. Сонымен қатар, үйірмеге 100-ге жуық бала қамтылған болса, күніне 30 адамға дейін ақылы қызмет көрсетеді. Ал, аудандық бюджеттен бөлінген 14 млн теңгеге 3 шағын спорт алаңы салынса, бұдан бөлек, демалушылық кара-

жат есебінен балаларға арналған спорт және ойын алаңы пайдалануға берілді.

Тағы бір жақсы жаңалығымыз – Жалағаш кентінде жалпы құны 471 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін 217,3 млн теңге қаржы бөлініп, құрылысы жүргізілуде. Спорт кешені алдағы жылы пайдалануға беріледі.

– Қазір жолаушылар уақытты үнемдеу үшін автомобиль қызметін пайдаланады. Сондай-ақ, жүк тасымалы үшін де тиімді екені белгілі болып отыр. Олай дейтініміз, халықаралық дәлізде жүк көліктері толассыз ағылуда. Осыған байланысты аудандағы автомобиль жолдарының жайы қандай? Айта кетейік, ауыл ішіндегі көшелер жөндеуден өтпегелі біраз жыл болды.

– Автомобиль жолдары – экономиканың құрметары. Аудан көлеміндегі жолдардың жайын айтар болсақ, республикалық маңызы бар 50 шақырым, облыстық маңызы бар 91 шақырым автомобиль жолы қанағаттанарлық жағдайда. Ал аудандық маңыздағы 120,7 шақырым автомобиль жолының 21,4 шақырымы жөндеуді қажет етеді. Биыл аудандық маңызы бар автомобиль жолының 21,7 шақырымына 614,0 млн теңгеге, елді мекендердің ішкі жолдарының 12,9 шақырымына 551,1 млн теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аудандық маңызы бар Мәдениет елді мекені бағытындағы және Еңбек – Есет батыр ауылы аралығындағы автомобиль жолдары 587,8 млн теңгеге орташа жөндеуден өтті. Сонымен қатар, Мәдениет ауылындағы Тайшиев көшесіне 38 млн теңгеге және «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Таң ауылының ішкі көшелеріне 513,1 млн теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Алдағы жоспарымыз бойынша жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайтын Бұқарбай батыр және Ақсу ауылдарының кіреберісі, Жаңадария және Аққыр бағытындағы автомобиль жолдарын жөндеу үшін 4 жоба-сметалық құжаттар әзірленді. Бұл бағытта сала мамандары ұсынылды. Сондай-ақ, кент және елді мекендердің ішкі көшелерін жөндеуге 2,1 млрд теңгеге жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Еңбек және Есет батыр ауылдары аралығындағы Оңтүстік көлектор (ЮК-16) көпірін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін былға 59,7 млн теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 149,4 млн теңгені құрайды. Жоба келесі жылы толығымен аяқталып, пайдалануға беріледі.

Алдағы жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жалағаш кенті, Ақкүм, Т.Жүргенов, М.Шәменов, Еңбек, Мырзабай ауыл елді мекендерінің ішкі көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, ұзындығы 46,9 шақырымды құрайтын 44 көше 1 млрд 439 млн теңгеге қаржыландыруға ұсынылды. Осы жұмыстар өз деңгейінде атқарылса, жолдардың жайы біршама жақсарып қалады.

– Әрбір есеп беру жылында әкімдердің алдынан шығатын мәселенің бірі – электр жарығының жайы...

– Иә, ол рас. Аудандағы өзекті мәселенің бірі – елді мекендердегі электр желілерін дамыту. Бұл мақсатта «Қызылорда электр тарату торпағтары компаниясы» АҚ-ның жарғылық қорын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 2019-2021 жылдар аралығында 373 млн теңге бөлінді.

Бөлінген қаржыға сәйкес, 2019 жылы Аққыр және Жаңадария, бытыр Мәдениет, Ақкүм, Жанатаал, биыл Бұқарбай батыр елді мекенінің электр жүйелеріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 137,5 млн теңгеге Жалағаш кентіндегі Абай, Әйтеке би, Бұқарбай батыр, Желтоқсан көшелерін жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сәйкес алдағы уақытта 422 млн теңгеге Есет батыр, Қаракеткен, Мырзабай ауыл, Мақпалқол, Ақсу елді мекендерінің тозығы жеткен электр желілері мен құрылғыларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гәзиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

Ауылына қарап, азаматын таны

Тоқсанжылдық тарих

Өткенге үнілсек, сонау 1930 жылы Шиелі колхоздары арасында Қоғалы 9-шы ауыл болып белгіленген. 1939 жылдан Тартоғай ауыл советіне қарады. Сол жылы Төңкеріс пен Қоғалы колхоздары біріктіріліп, Төңкеріс колхозы болды. Осы кезеңде ауыл тұрғындары Төңкеріске үлере көшіп, ауылда небәрі алты-ақ үй қалған. Қазіргі ауыл тұрғындарының көпшілігі – кейіннен ата қонысына қайта оралғандар.

Ұлы Отан соғысы жылдары Ақтөбе облысынан табын-табын сиыр айдап әкелініп, Тартоғай мал шаруашылығымен айналысқан екен. 1953 жылы ауылда бастауыш мектеп ашылып, 1971 жылы орталау, 1982 жылы орта мектеп болды.

1954 жылы мұнда Жамбыл облысы мен Өзбекстаннан 11 мың бастан астам қой әкелініп, Тартоғай қаракөл совхозы құрылған. Осыдан бастап бұрынғы Қоғалы колхозы №3 ферма аталды.

Ауыл халқы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, тоқырау кезеңінде де атақесіптен ажырамаған. 1995 жылдың соңында Тартоғай совхозынан бөлініп, «Ботабай» ЖШС болып құрылды. Өз алдына ауылдық округ болып қайта құрылғаннан кейін іргелі шаруашылықты Мейрамбек Омаров, Ерім Маханбетов секілді азаматтар басқарды.

Тарихы терең ауылдан дін иелері, әулиелер мен қоғам қайраткерлері шыққан. Төңірегінде өткеннен сыр шертетін тарихи орындар да көп. Мысалы, қазіргі Қоғалы ауылдық округінің дария жақ бетіндегі «Алтынбек» аралының оңтүстігінде «Тұрсынбай қорғаны» деп аталатын жер бар. Халық ауызында «Дар құрған» деген атпен танымал.

Тарихқа жүгінсек, Тұрсынбай датқа – осы өңірде өмір сүрген, көзі тірісінде халықтың мұн-мұқтажын жоқтап, басын тәуекелге тіккен ерлердің бірі. Ол Қокан ханынан датқалардан жоғары лауазым – «панасат» атағын алған. Ел билігіне 22 жасында араласып, 40 жылдан астам датқалық қызмет атқарған. Ал, құжаттарда оның есімі 1840 жылдардан бастап байқалады.

Бұл қазақ халқы бостандығынан айырылып, бодандыққа бой ұра бастаған тым ауыр кезең болатын. Халық ерге қарады, қаһармандық қармына үміт артты, сенді. Батырларына арқа сүйейді. Сол тұста дар құрғыз бір жағы елдің ішкі және сыртқы жауларына сес, екінші жағынан халықты тәртіпке шақырудың амалы болса керек. Халық арасында сақталған әңгімеге сенсек, жазаның мұндай ауыр түрі ешқашан қолданылмаған. Елдің сенімін осылай ақтаған Тұрсынбай датқа 1853 жылы елі, жері, халқы үшін Қокан ханына қарсы сөзге келеді. Соңысы үшін ханның қастандығынан Түркістан қаласы тұсында қаза тауып, сүйегі Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне жерленген.

Осы секілді, Тұрсынбай датқа туралы елге тараған аңыз-әңгімелер жетерлік. Елге сүйеу болып, халық арасында қаһармандықтың символына айналған оның есімін елді мекенге беру туралы бастама шешімін тауып, 2018 жылы Тұрсынбай датқа ауылы болып өзгертілді.

1-бет

Атақесіп – елдің несібесі

«Бірлік қылмай ел оңбас, тірлік қылмай ер оңбас» деп бабаларымыз бірлік пен тірлік қағидаларын өсиет етіп қалдырғандай, адам қай қоғамда да толыққанды өмір сүруі үшін бекем бірлік пен өзара сыйластық қағидалары ауадай қажет. Осы ретте дана бабалар өсиетін темірқазық етіп ұстанып, қағидалы сөздің мағынасына үнілмеске әсте болмайды. Қазақ ағамыз осындайда: «Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле» деп өскелең ұрпағына өнеге қалдырған. Адастан да көптен бірге адасып, көптен бірге даңғыл жол табасын. Бұған ешкім де қарсы дау айта қоймас. Қазақ елін алып бойлауға текесек, еліміздің ырыс, ынтымағын арттырып отырған ауылдар сол бәйтеректің мәуелі бұтақтары іспетті. Қоғалы жері де елдің ырысын еселеп, ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін көрсетіп келеді.

Осы ретте елді мекеннің тыныс-тіршілігі туралы ауылдық округ әкімі Ғазиз Сейітов айтып берді.

– Мемлекет басшысы биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінгенін атап өткен болатын. Жермен айналысып, мал өсіруге бұл да болса көп көмек. Өткен жылы ауылда «Бөрібай» шаруа қожалығы жем-шөпке 1,5 млн теңге субсидия алып, мал басын 100 ірі қара, 60 жылқыға жеткізді. «Береке» шаруа қожалығы да биыл 2 млн теңге субсидия алып, мал басын көбейтті. Ел Президенті шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керектігін айтты.



Ауылдағы шағын қожалықтар да бұл игіліктің шарапатын көрсетіп отыр. Сонда ғана оларда қызығушылық пайда болады, мал өсіруге құлшынысы артады. Мемлекет нақты қаржылай қолдау көрсетсе, олар да шаруаларын одан әрі жүргізуге ынталанып, жұмыс өнімділігін арттыра түспек, – дейді ауыл әкімі.

Шынында, «мал өріске қараңғыда шығып, күн батқан соң қайтуы керек» деген бұрынғы ұстанымды осы ауылдан көруге болады. Қазіргі таңда мұнда 6669 бас уақ мал тіркелген. Сиыр басы 2 мыңға, жылқы 1600-ге жетіп отыр. Ауылдық округ халық саны жағынан аудандағы ең шағын округ-



тердің бірі саналады. Мал шаруашылығы қарыштап дамып келе жатқан ауыл тұрғындары кейінгі жылдары кәсіпкерлікке бет бұрып отыр. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай.

Өткен жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша «Бастау-Бизнес», «Бизнес кешісі» жобалары аясында 12 адам оқу курстарынан өтіп, сертификаттарын алды. Жастар жылына тағайындалған бағдарламамен 2 азамат 6 процентпен 4 млн теңге несие алса, 10 азамат қайтарымсыз грант ұтып алған. Оның ішінде 5 азамат – ауыл жастары. Жыл басынан бері 4 шаруа қожалығы, 6 жеке кәсіпкерлік субъектілері ашылды.

Несие алып, мал басын көбейтіп отырған кәсіпкерлердің бірі – «Өлеңді 2» шаруа қожалығы. Кәсіп ашсам деген, жұмыссыз жүрген жандарға үлкен мүмкіндік болып отырған бағдарламаларды тиімді пайдалануға болады.

Тағы бір мемлекеттік қайтарымсыз грант иегері Айжан Пернебекова омарта шаруашылығымен айналысады. Бүгінде 40 ұясы бар шаруашылық бүкіл ауылды балмен қамтамасыз етіп отыр.

жемісті еңбегін көрсен, өзінен өзін бір маркайып қаласын.

Кейінгі екі жылдың өзінде ауылда 24 адам кәсіпкерлік мақсатта жер алып, 20-дан астам шаруашылық құрылған. Бірнеше мал бордақылау орны, омарта шаруашылығы, жем тұрайтын екі станок іске қосылып, жұмыртқа, сүт, сүт өнімдері бағытында жеке кәсіпкерлер қызметін бастаған.

Бір сөзбен айтқанда, ауыл халқы күнделікті тұтынатын өнімдерінің негізгілерін өздері өндіріп отыр. Тіпті, қонағының алдына қоятын торт, басқа да тәттілер үшін ауданға барып әуре болмайды. Ауыл тұрғыны Айгүл Спанова 2019 жылы мемлекеттік қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп, 505 мың теңге қаражатқа цехқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алған. Бүгінде бәліш, төрт түрлі кондитерлік тәтті тағамдарға тапсырыс қабылдап, отбасылық кішігірім ісін дөңгелетіп отыр.

– Үйдегі хобби кәсібі кондитер болуға аздық етеді. Дайындаған өнімдер тұтынушы көңілінен шығуы үшін біліктілік керек. Бәсекеге қабілеттілік сын көтермеген жерде шығынға отырарсың. Кәсібі біліктілігімді жетілдіру үшін түрлі кондитерлерден дәріс алып, әлеуметтік желідегі рецептерді де пайдаланып жүрмін. Жаңа өнім түрлерін өндіруге көп уақыт жұмсадым, – дейді кондитерлікке машықтанып жүрген ол.

Тағы бір мемлекеттік қайтарымсыз грант иегері Айжан Пернебекова омарта шаруашылығымен айналысады. Бүгінде 40 ұясы бар шаруашылық бүкіл ауылды балмен қамтамасыз етіп отыр.

Маңайы абат, ырысы қабат

Бүгінде ауылдың өңі кіріп, ажары айшықталып келеді. Оны бірқатар әлеуметтік нысандардың жыл санап жаңғырып, жаңадан салынып жатқанымен байланыстырасақ та болады. Сондай-ақ, ауыл биылғы көрсеткіштерде аудан бойынша алдыңғы орында тұр.

Елді мекенде мектеп, клуб, медициналық бекет, балабақша, шағын орталық бар. «Отанды сүю – иманнан» деген сөзді де халқымыз текке айтқан жоқ. Ауылдың барлық тыныс-тіршілігі, ынтымағы мен бірлігі әлбетте, ең алдымен имандылықтан бастау алатыны сөзсіз. 2014 жылы белгілі кәсіпкер азамат Асан Қожаназаровтың демеушілігімен «Қарабура ата» мешіті үйі имандылықты басты шарт еткен жамағатқа есігін ашқан.

2012 жылы ауылдағы №228

«Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы».

Президент Жолдауынан

белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер етеді. Осыған орай балабақша тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Тәрбиешілеріміз түрлі республикалық басылымдарда мақалаларын жариялап, аймақтық байқауларға қатысып, үнемі білімін жетілдіріп отырады, – дейді балабақша құрылтайшысы.



орта мектептің де жаңа ғимараты пайдалануға беріліп, білім ордасы 250 орындық, типтік соңғы үлгідегі 2 қабатты нысанға көшті. Бүгінгі таңда мектепте 17 оқу кабинеті, кітапхана, асхана, психологиялық кабинет, заманауи компьютермен жабдықталған оқу кабинеттері бар.

Сондай-ақ, ауылда шағын футбол алаңы, заманауи үлгідегі жаттығу алаңы бой көтеріп, ауыл жастарын спортқа баулу жұмыстары жандануда. 2019 жылы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында жаңа медициналық бекет пайдалануға берілген. Елді мекен жұртшылығы көптен күткен денсаулық үйі заман талабына сай жабдықталған. Тұрғындар денсаулығы сыр берсе аудан орталығына қатынап әуреге түспей, өз ауылында сапалы медициналық қызметке қол жеткізіп отыр. Жаңа нысанда дәрігер кабинеті, арнайы екепегу орны және әйелдер мен балаларға арналған бөлмелер қарастырылған.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертені – өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты, қабілетті ұрпақ – ұлттымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік кеңістікке өтуі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақытқа сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек, ауылда бұл мәселе де оңтайлы шешілген. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ұзақ жыл балабақша ісінде еңбек етіп, зейнетке шыққан сала ардагері Жұпарқұл Болатова 2016 жылы «Айбек» жеке балабақшасын ашқан. Бүгінде 60 орындық балабақшада 18 адам жұмыспен қамтылған.

– Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келесек ұрпақтың жан-жақты дамуына

табылмай отырған мәселе – ескі клуб ғимаратының жағдайы. Ел аузында жүрген өнер, әдебиет, сахна жұлдыздарының қай-қайсысы болсын ауылдан шыққан. Тұрғындарға мәдениет саласындағы барлық жаңалық пен жаңашылдық дер кезінде жету керек. Сондықтан ғимарат жаңа жобамен қайта тұрғызылса жергілікті халықтың мәдени демалысын дұрыс ұйымдастыруға көп септігін тигізеді еді.

Әлеуметтің әлеуеті артып келеді

Бірлігі жарасқан ауылда былтыр өңірлерді дамыту бағдарламасы арқылы бірқатар абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Айталық, 4,4 млн теңгеге үш көшеге жарық бағаналары орнатылды. Екі көшені күрделі жөндеуге 26,2 млн теңге бөлініп, барлығы 2 шақырым жол асфальтталды. Оған қоса, 6 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынды.

Әрине, бүлдіру – оңай, бүтіндеу – қиын. Ауылдың келесікек беттеген көші жүре-бара түзелгенін жоғарыда бірді-екілі мысалдармен баян еткендей, бірқатар мәселелер де бар.

– Ендігі міндет – елді мекенге жаңа клуб ғимаратын салу. Әкімдік ғимаратын салу да кезек күттірмейтін шаруа. Ауыл халқы ауызсумен толық қамтамасыз етілген. Аяқсу үшін канал да тартылған. Бірақ аяқсу толық келуі үшін Ботабай каналын, сондай-ақ, Жаңарық каналын қазу, тазарту жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұдан бөлек спорт кешені құрылысы, бір көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, басқа да жұмыстар алдағы жылдардың еншісінде, – дейді ауылдық округ әкімі Ғазиз Сейітов.

Ауылдың ажарлана түсуі қалың көптің көңіліндегі тілек, сенімдегі тірек екені анық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында төзім мен сабырды серік етіп, сындарды сөздерден сүрінбей өткен бүкіл еліміз сияқты Қоғалы ауылдық округіндегі ахуал да кейінгі кездердегі көптің сенімін сәулелендіріп, үмітін үлкенген 30 жылдағы жетістіктеріміз арқасында түзеле түскенін көзімізбен көріп қайтық. Сөз жоқ, бұл – Елбасының сарабал саясатының, Мемлекет басшысы айқындаған міндеттердің, соларды негізге ала отырып басшылық қызметті біліктілікпен атқара жүріп, бүгінгідей тірлікке тұтқа болған облыс, аудан, ауыл басшылығының жұмыс нәтижесі. Еліміздің берекелі бірлігі мен ырысты ынтымағының көдімігі қолға ұстатқандай көрінісі.

Ендеше, жоғарыда өзіміз негізгі-негізгілерін айтпақ ойымыздың желісі еткен ауылдағы жетістіктердің бәрі болашақта да баяннан табар істер бола-мағы анық. Тек сол ауылдың көз алдымыздағы ажары мен күнделікті базары молая берсін дейік.

Бибылат СӘТЖАН,
«Сыр бойы».
Шиелі ауданы



«Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс.

Сондықтан, агломерацияны дамыту туралы заң мен қалалардың кешенді құрылысының жаңа стандартын әзірлеу керек».

Президент Жолдауынан

Сәулет пен дәулет

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Бүгінде өңірімізде құрылыс индустриясы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік әлеуетінің артуына айрықша ықпал етіп келеді. Саланың өркендеуін облыс орталығы – Қызылорда қаласы аумағының өсуінен, аудан орталықтары, ауылдар мен елді мекендерге салынған әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй құрылыстарынан, жолдардан байқауға болады.


ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында еліміздің құрылыс саласын дамытуға айрықша басымдық берілген. Соның арқасында өңірлерде бұрын-соңды болмаған алып құрылыс нысандары бой көтеруде. Әлемдік пандемия қалыпты тіршілігімізге айтарлықтай әсер етіп, экономикамыздың даму үдерісін тежегені рас. Десе де, бұл зәулім ғимараттар мен әлеуметтік нысандардың, тұрғын үйлердің бой көтеруіне тосқауыл бола алмады. Сыр бойында да құрылыстың қарқыны байқалады. Айталық өткен жылдың өзінде тұрғын үй салу 591 мың шаршы метрге жоспарланған болса, бұл көрсеткіш 609 мың шаршы метр өсіммен орындалып, яғни өсім 3,0% құраған. Сонымен бірге Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауында келер жылы мемлекеттік бағдарлама аясында 9-12 қабатты тұрғын үй құрылысы басталатын болады.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетовтың айтуынша, биыл 38 әлеуметтік нысанның құрылысын жүргізуге мемлекеттік бюджет есебінен 10,1 млрд теңге қаржы бөлінген. Бұл қаржыға өткен жылдан қалған 21 және жаңа 17 нысанның құрылысы жүргізілуде. Мәселен, білім саласында 13, денсаулық сақтау саласында 12, 5 мәдени, 3 спорт, 2 қоғамдық тәртіп, «Бизнестің жол картасы» бойынша 3 нысан бар. Жыл басынан осы кезге дейін 11 нысан пайдалануға берілді. Олар – Арал ауданы Секеулі кентіндегі 300 орындық мектеп, Шиели аудандық тарихи-өлкетану музейі ғимаратына қосымша құрылыс, Теннис орталығы, Қызылорда ОИД-ның әскери және арнайы дайындығы бойынша оқу-жаттығу полигоны, Қызылорда қаласындағы 200 төсектік технологиялық жағдайы бар тез тұрғызылатын модульдік аурухана, Махамбет елді мекеніндегі №268 орта мектептің 200 орындық қосымша ғимарат құрылысы, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде орналасқан №226 мектеп-гимназиясына қосымша спорт залы, Ш.Есенов атындағы қосымша білім беру орталығы, Ақсарма ауылдық округіндегі әлеуметтік-медициналық оңалту бөлімше ғимараты, Қармақшы ауданындағы балалар демалысы үшін 150 орындық лагерь мен қаладағы Гидроузел көшесі №21 мекен-жайынан салынатын байдарқа және каноэ есу базасы құрылысы.

Жоспар бойынша жыл соңына дейін тағы 12 нысан құрылысы аяқталады. Халық игілігіне пайдалануға берілетін нысандар ішінде Жаңақорған кентіндегі 600 орындық мектеп, Жалағаш кентіндегі 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі, Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі ауысымына 250 келушіге арналған емхана, Арал ауданы Жалғызғайым елді мекенінде салынатын медициналық бекет сынды ғимараттар бар. Сонымен бірге Жалағаш ауданы Таң елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория көптің игілігіне берілетін болса, «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖК КММ ғимараты-

ның «Қамқорлық» (блок Г) оңалту орталығы реконструкциялаудан өтеді. Ал Жаңақорған ауданының Шалқия кентіндегі 150 орынға арналған клубты пайдалануға беру де – жоспардағы іс. Алдағы жылдың енісінде тағы 15 нысан құрылысы жалғасын табады.

Қазіргі күні құрылыспен айналысатын мекемелер көп. Бұлардың ішінде құрылыс салуға тапсырыс беретін, сәулеті мен жобасын келістіретін, құрылыс-монтаж жұмыстарының, материалдарының сапасына бақылау жасайтын, құрылысты жобалайтын мекемелер бар. Барлық аудандар мен қала



әкімдіктері жанында құрылыс, сәулет және коммуналдық шаруашылық бөлімдері құрылған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылыс атаулы тоқыраған рас. Соның ішінде, тұрғын үй құрылысын салу жұмыстары өте баяулады. 80-жылдардың ортасында басталған «Мерей» шағын ауданындағы кейбір құрылыс 2004 жылы салынып бітті. Арал теңізінің тартылып, экологиялық апат аймағына айналуы бүкіл дүние жүзін алаңдатқан жағдай болды. Елбасының тікелей қолдауымен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы дүниеге келіп, «Көкарыл» бөгеті тұрғызылды, «Ақлақ» су тоспасы салынды. Кіші Арал теңізі сақталып, елдің ризық-несібіне айналды. Аймақта балық шаруашылығы өркендеп, балықшылар атакөсібіне қайта оралды. Жағалаудағы елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Бүгінде Аралда бұрынғы Кеңес заманында болмаған жаңа технологиямен балық зауыттары жұмыс істеуде. «Жезқазған-Сексеул-Бейнеу» теміржол желілерінің құрылысы жүргізіліп, Сексеулі арқылы өтетін теміржол бойында көптеген нысандар ашылды, жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылды.

«Ақбұлақ» бағдарламасы аясында қаланың бірқатар елді мекендерін ауызсумен қамтамасыз етуде ауқымды жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде 57 скважина іске қосылып, облыс орталығы – Қызылорда қаласы толықтай жерасты су көзіне жалғанды.

Аумағы 980 гектарды құрайтын толықтай инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етілген «Бойтерек» жаңа шағын ауданы ашылып, жер кезегінде тұрған 6 мыңға жуық азаматқа жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер бөлінді.

Тәуелсіздік алған жылдан бері облыс бойынша 7 млн 372 мың шаршы



метр тұрғын үй пайдалануға берілген екен. Оның ішінде, соңғы 8 жылда (2013-2020 жж.) берілген тұрғын үй көлемі 4 млн 255 мың шаршы метрді құрап отыр. Бұл жылдары жалпы 9 960 пәтерлі 443 көпқабатты тұрғын үй (799 мың ш.м.) халық игілігіне берілген. Сондай-ақ, 3 млн 456 мың шаршы метр жеке тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілген.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламалары аясында Қызылорда қаласында

Сонымен бірге, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жергілікті бюджет есебінен Қызылорда қаласында 10 және Жаңақорған кентінде 18 пәтерлі бір үй сатып алынды. Жалпы, қаржыландырудың барлық көздері есебінен 2020 жылы облыс бойынша 608,9 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

Облыс әкімдігі мен Үкімет арасындағы Меморандумға сәйкес, биыл 644,7 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.



кейінгі жылдары 16 жаңа шағын аудан (Сұлтан Бейбарыс, Жаппасбай батыр көшелері бойында, Тасбөгет кенті, Титов қыстағы, «Сырдария», «Астана», «Арай», «Арай-2», «Нұр Орда», «Ипподром», «СПМК-70», «СПМК-70/4», Сырдария өзенінің сол жағалауында 1,2,3,4 тұрғын кварталдар) мен 5 тұрғын үй кешені бой көтерді.

2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерін жүргізу үшін мемлекеттік бюджет есебінен барлығы 19,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Облыс бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен 1946 пәтерді құрайтын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді.

Биыл облыс бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы ауданы 159,1 мың шаршы метрлі құрайтын 110 үйдің құрылысы жүргізілген. Жыл аяғына дейін жалпы ауданы 127,3 мың шаршы метр болатын 94 тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы мақсатта мемлекеттік бюджет есебінен 13,4 млрд теңге қаржы бөлінді. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысы бойынша 2,9 млрд теңге қаралған. Оның ішінде қалада 17, Шиели ауданында 4, Сырдария ауданында 33, Байқоңыр қаласында 5 үй бар. Кредиттік тұрғын үй құрылысы бойынша 6,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында 19, Шиели кентінде 25 үйдің құрылысы қолға алынды. Ал



Айсәуле ҚАПАЕВА, «Сыр бойы»

Мобильді қосымшалар нарығы әлем бойынша ғаламат қарқынмен дамып жатыр. Олар қазір қолданылатын мобильді платформаларға жүктелетіндей бағдарланады. Сонымен қатар жұмыс жасау функционалы өте қарапайым әрі қолданушыларға түсінікті интер-фейспен өңделеді.

Мағжанның мобильдік қосымшасы

Қызылорда қаласындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектептің 4-сыныбында оқитын Мағжан Хамит қосымша жасауды жақсы біледі және өз мектебінің мобильдік қосымшасын әзірлеуде. Бастауыш сыныптың баласына бұл ой қайдан келгенін бастан айтайық. Мағжан өткен оқу жылында қашықтан білім алу барысында компьютерді бүге-шүгесіне дейін үйреніп, әртүрлі бағдарламалармен танысқан. Мұғалім тапсырмасын үйде орындап, кері байланыс жасаудың да бірнеше жолын үйреніп алған екен.

Осы тұста Мағжан телефонға жүктелетін бірнеше платформаның көмегі тигенін айтады. Содан ол өзінің мектебіне арналған мобильдік қосымша жасауға кіріседі. Алғашында ғаламтордағы бағдарламалар ақылы, ағылшын тілінде болғандықтан, көп қиналғанын жасырмады. Жазғы демалыстан келген соң өз идеясын айтты. Бұл ойын құптап, мектеп бағдарламасындағы «Ақпараттық технология» оқулығының тақырыптарымен таныстырдым. Содан кейін оқушы өзіне түсінікті, ақсыз түрде жасауға болатын «MIT App Inventor» бағдарламасы арқылы қосымшаны құрады. Оны зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларға арналған республикалық «Зерде» байқауына қатыстырдым.

– Қосымша бірнеше беттен тұрады. Мектебіміздің тарихы, мекен-жайы, байланыс нөмірі, сондай-ақ мектеп жетістігі мен ғаламтордағы байланыс парақшаларын да көре аласыздар. Бұл мәліметтер үйде отырып-ақ мектеп жағлы білгісі келетін ата-ана мен оқушыларға үлкен көмек болар еді, – дейді Мағжан.

Былдай қарағанда, оқушы уақытты үнемді жұмсау, жылдам әрі қолданысқа жеңіл жүйені ұсынуға. Оның үстіне қазір мобильді қосымшалар көптеген мәселелерді тез және оңай шешуді қамтамасыз етеді. Алғыр бала байқаудың қалалық деңгейін артқа тастады. Ол енді алдағы облыстық сынаға дайындалуда. Шәкіртімізге сәттілік тілейміз.

Алтынай ЖАРЫЛҚАСЫНОВА, Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектеп мұғалімі

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Өркениетке ұмтылыс

Қазіргі кезде дүние жүзі коронавирус індетімен күресуде. Біздің елімізде де қауіпті дертпен күресте зор жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Әсіресе, көзге көрінбейтін соғыстың бел ортасында, алдындағы шепте жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбегін ерекше атауға болады. Өзім денсаулық сақтау саласының ардагерімін, 2010 жылға дейін осы салада еңбек еттім. Дәрігерлер жұмысының ауыр да жауапты екенін өз басымнан өткергендіктен білемін. «Дені саулық – жаны сау» демекші, денсаулықтың қадірін ауырганда сезініп жатамыз. Қазір өзім де жиі науқастанып қалатындықтан медицина мамандарына жүгінемін. Биыл да облыстық көпбейінді ауруханасына жедел хирургиялық аурумен түстім. Бас дәрігер Нұридін Әмітов, аурухананың №2 хирургия бөлімінің меңгерушісі Бекет Мантаев сынды азаматтар ауруына иппа іздеп келгендерге көмектің аяп жатқан жоқ. Бұл азаматтардың дәрігерлік ұстанымы, антына алдындағы тәнті етті. Мұның алдында да ауырып келгенімде шұғыл түрде ота жасап, сауығып шыққан едім. Биыл да жедел түрде ота жасаттым.

Жалпы менің айтпайын дегенім, Тәуелсіздік жылдарында Сыр медицинасының дамып, халыққа қызметі арта түскенін аңғардым. Дені сау адам – қоғамның ең қымбат байлығы. Демек, біздің өркениетке беталысымыз оңды.

Әлімхан БАУБЕКОВ, денсаулық сақтау саласының ардагері, Жаңақорған ауданы